

Өмір — мұхит, уақыт — толқын. Сол уақыт толқыны бүгін ірі ғалым, ұлағатты ұстаз, ғылым мен жоғарғы мектеп ұйымдастырушыларының бірі, бірі емес-ау, бірегейі, көрнекті қоғам қайраткері, экономика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі, Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевті де 60-тың қыркасына алып көліпті.

..Иә, киелі де, қасиетті қарт Торғай топырағы талай ұлы тұлғаларды дүниеге әкелген. Алаштың арыстары Ахаң мен Жақан, ұлт-азаттық күресінің батырлары Аманжолді мен Кейкі, ақындар Сыр аға, Тағабек сияқты ірі тұлғалар дүниеге келген жерде, Кенжеғали Сағадиевтің де кіндік қаны жуылған.

Білім табалдырығын Қостанай облысы Әулиеқол ауданының Әулиеқол орта мектебінен аттан, оны 1955 жылы күміс медальмен бітірген оның туған өлкенің ыстық құшағынан аттанып, Алматының асфальтине аяғының тигені де кеше ғана сияқты. Сол жылы білім қуған 17 жасар жігіт Қазақтың мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түседі де, оны 1960 жылы үздік бітіріп, осы университетке оқытушылық қызметке қалдырылады. Ғылым жолын қууға бекем бел байдаған жас ұстаз, 1963 жылдан Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтының аспирантурасында оқып, кандидаттық диссертациясын мерзімінен бұрын қорғап шықты.

1966 жылы АХШИ жоғары оқу орнының экономика факультеті деканының орынбасары болып тағайындалады, кейін осы факультеттің деканы, партия комитетінің хатшысы, оқу жұмыстары жөніндегі проректор қызметтерін атқарып, Қазақстанның экономика саласындағы алғашқы жоғары оқу орнының ұйымдастырушыларының бірі болады.

«Барлық істің басымыс — білім мен ұғым» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, біліміне ұйымдастырушылық қабілеті сай Кенжеғали, 1982 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының ректорлығына тағайындалады. Іскер басын институттың оқу-тәрбие процесінің сапасын көтерудің тиімді тәсілдерін таба білді. Өз ұжымының ғылыми мекемелермен және өндіріспен байланысын нығайтты, материалдық-техникалық базасын нығайтуға үлкен күш салды. Оның бастамасымен бұрынғы Кеңес Одағындағы бүкілодақтық ауыл шаруашылығы биотехникалық орталықтарының бірі осы Целиноград ауыл шаруашылығы институтында құрылды. Бұл оқу орны Кеңес Одағындағы аграрлық жүйедегі жетекші жоғары оқу орныларының біріне айналды.

«...адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім, қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгеден үстем, дүние жуайың қожасы болып отыр», — деп, Жүсіпбек Аймауыт айтқандай, Кенжекең де Мәскеудің үлкен ғылым мектебінен өтті және үлкен ғылыми ізденіс үстінде болды. Өндіріс құралдары айналымы саласының заңдылықтағын, экономикалық дамытудың

қарқыны мен тенеітілуіне салалық инфрақұрылымның әсер ету ролі мен механизмін ашатын бірнеше іргелі еңбектер жариялады. Өзі немесе басқа зерттеушілермен бірігіп дайындаған «Қазақстанда материалдық-техникалық жабдықтауды басқару», «Материалдық-техникалық жабдықтау және өндірістің тиімділігі», «Қазақ

қаралып, жаңғыртылды. Бұрынғы факультеттер оқу-ғылыми кешендері болып бүгінгі халық шаруашылығының талаптарына орай қайта ұйымдастырылды. Менеджмент, маркетинг, микроэкономика, дәсіпкерлік пен бизнес негіздері, агробизнес және тағы басқа жаңа кафедралар ашылды.

Ғылыми шығармашылық интеллигенцияның К. Ә. Сағадиевтің ғалымдық және ұйымдастырушылық қабілетін жоғары бағалады. Ол 1994 жылды ҚР Ұлттық ғылым академиясының Президенті болып сайланды. Кенжекең тұсында Алматы қаласында Жалпы генетика және цитология институты мен социология және популяциология институты, Қарағанды қаласында Фитохимия институты, Шымкент қаласында Аймақтық экономика институты және академияда Медицина ғылымдарының бөлімшесі ашылды. Осыған академияның материалдық-техникалық базасын сақтап қалуға мүмкіншілік берді. Қолда бар күш пен құрал зерттеулердің келесі бағыттарына шоғырландырылды.

Ғылыми құрылымдар реформаланып, Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі — Ғылым академиясы құрылған соң, К. Ә. Сағадиев Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры болып тағайындалды. Жаңа міндеттерге қайтадан аса жауапкершілікпен қарайтын Кенжекең аз ғана уақыт ішінде бұрынғы факультеттердің орнына ірі оқу-ғылым, өндіріс кешендерін ұйымдастырды, компьютер және тіл орталықтары құрылды. Биотехнология, агроэкология, ха-

лықаралық аграрлық-экономикалық қатынас, аграрлық құрылым, кедендік іс және тағы басқа осы кезеңге аса қажетті бағыттағы мамандықтар ашылды, материалдық базаны қалыптастыру қолға алынды. Ұстаздардың кәсіби шеберлігі мен студенттерді оқыту сапасына ерекше талап қойды. «Театр киім ілгіштен басталады» дегендей, соңғы жылдары жүдеу тартқан оқу корпустары да қала ансамбліне жарасымды сөн берді.

Білікті ғалым өзінің ғылыми мектебі, дәстүрі мен ұйымдастырушылық қызметін өрі қарай жалғастыратын ізбасарларын дайындауда нәтижелді еңбек етіп келеді. Оның жетекшілік етуімен 3 докторлық, 28 кандидаттық диссертация қорғалды.

Елбей Букетовтің «Парасаттылық, шарапаттылық, кендік, адалдық ғылымда қызмет істеген әрбір адамға лайық. Халқымыздың мол елге бетке ұстары — ғылым адамдары», — деген айымауы да, Кенжеғали Әбенұлына арнағандай. Бұл күндері Кенжекең кіндігінен таратқан ұрпақтар да өке елбегін ақтап, кадр-қазыпкерлермен қоқуының болып жүр. Азиялық асақтықты ар өткен нар тұлғамызға деген халық сүйіспеншілігі ар дайым молал берсін.

**М. ЖӨРКЕНОВ,**  
Арқалық пединститутының доценті.

**А. ЖӨРКЕНОВА,**  
ҚР ҒА Ш, Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының аспиранты.

## ҒЫЛЫМНЫҢ САРДАРЫ

стандағы жабдықтау мен оны өткізудің материалдық-техникалық базасы деген монографияларында және басқа көптеген еңбектерінде К. Ә. Сағадиев республикада материалдық-техникалық жабдықтауды аумақтық ұйымдастыруды жетілдіру бойынша және өндіріс құралдарын көтерме саудаға көшіруді ғылыми негіздеп, тәжірибелік ұсыныстар берді.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», — деген Абай сөзін беріп ұстаған Кенжекең 1992-1994 жылдары Қазақ мемлекеттік экономика университетін (ҚазМЭУ) басқарды. Оның бастамасымен ҚазМЭУ Қазақтың мемлекеттік басқару академиясы (ҚазМБА) болып өзгертіліп, даярланатын экономистердің құрамы мен оларды оқыту мазмұны қайта